

6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Байгапанова Айгуль Болатовнаның «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі (1939-1997жж)» тақырыбында дайындалған диссертациясына

Рецензия

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламасының бағытына сәйкес келеді. Сонымен қатар Қазақстандық білім мен ғылымының жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде оқыту мәселелерін қамтиды.

		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация нысаналы бағдарламаның аясында орындалған:</p> <p>Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламасы талаптарына сәйкес орындалған.</p> <p>4 пункт «Бағдарламаны іске асыру мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және нәтижелерінің көрсеткіштері».</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес.</p> <p>7 пункт «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер».</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады. Зерттеу тақырыбының маңыздылығы айқын. Ізденуші елімізде жүргізілген әлеуметтік-экономикалық саясаттың барлық кырларын ой-сана елегінен жаңаша өткізіп, саралай отырып, кеңінен талдаған. Докторант Байгапанова Айгуль Болатовнаның «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі» атты диссертациялық зерттеу жұмысы осы</p>

			тұрғыда маңызды әрі қажет зерттеу жұмысы деп есептейміз.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары;	Диссертациялық жұмысты жазу деңгейі жоғары, өздігінен орындалған жұмыс. Біріншіден, автордың диссертациядағы баяндаулары, ойлары, пікірлері, талдаулары, тұжырым, қорытындыларынан диссертанттың жеке қолтаңбасы анық байқалады. Екіншіден, ғылыми нәтижелерге қол жеткізу мақсатында ізденуші зерттеу объектісіне сәйкес материалдарды жинап, жүйелеп, ғылыми талдау жасаған.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі 1) негізделген;	Диссертацияның өзектілігі қазіргі уақыттағы білім мен ғылымның жаһандану аясында еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын айқындау, осыған дейін зерттеулердің нәтижелері бүгінгі күн тұрғысынан қайта қарау қажеттігін көрсетеді. Зерттеу нысаны - аймақтардың даму мәселесін зерттеу және оны талдау әр уақытта қоғамдық ғылымдардың, соның ішінде отандық тарихтың маңызды міндеті болып келеді, көптеген бағдарламалары мен қабылданған қаулылары, шешімдері жинақталған құжаттың шынайы тарихи үрдістер ауқымында зерттеулерге сыни

			талдау жасап, сыни көзбен қарап, оларды жаңаша зерделеп, сараптауға негізделген. Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу тақырыбы жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарламада көрсетілген міндеттерді негізге ала отырып, таңдалынып алынғаны және диссертацияның өзектілігі негіздейді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды;	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Жұмыстың мазмұны оның тақырыбын толық ашады. Тақырыптың өзектілігі мен маңызы нақты көрсетілген. Диссертацияның құрылымы қысқартылған сөздерден және анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді;	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес келеді. Тақырыпты ашуда қойылған мақсат айқын әрі нақты. Мақсатқа жетуде туындайтын міндеттері сәйкес келеді.

		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан;</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы толық логикалық байланысқан, әрбір тарауы мен бөлімдерінде өзара бірізділік сақталған. Диссертациялық жұмыстың бөлімдері ғылыми зердемен жасалған және нәтижелердің ішкі бөлігінің тұтастығына қол жеткізген. Айгуль Болатовна Байғапанованың бұл орайдағы еңбегі осы бағыттағы өзекті мәселелерді, теориялық және қолданбалы әдістемелік тұрғыда шешуге толық сәйкес келеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар;</p>	<p>Диссертациялық жұмыста диссертант ұсынған қағидаттарын дәлелмен келтірген және өзіне дейінгі шешімдермен салыстыра отырып, сыни талдау жүргізе алған. Диссертацияның ғылыми жаңалығы: 1. Семей облысының құрылу тарихы мен екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі экономикалық жағдайына талдау жасалып, соғысқа бейімдеп қайта құрудағы мемлекет тарапынан жүргізген іс-шаралар анықталып, баға берілген. 2. Семей облысының 1939-1997-ші жылдар аралығындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы кеңестік саясаттың күрделі нысаналардан көрініс тапқан тұстарға арқау болған дерек көздері шынайы тарихи көзқарас тұрғысынан зерделеніп, ғылыми</p>

			<p>айналымға енгізілген.</p> <p>3. Семей облысының Одақтық бағыныштағы өнеркәсіп салаларының өндіріс көрсеткіштерін анықтауда, орталықтың әлеуметтік өмірдегі жалпы халыққа таңған ортақ мүдделі іске асырылуға тиісті бағдарының жүзеге асырылуы жан-жақты талданған.</p> <p>4. Семей облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын тоқырау жылдары мен сол тұстағы үстем болған «социализмнің тұрақтануы» көзқарасын жасаушылардың жалпылама пікірлері объективті түрде талданған.</p> <p>5. Семей сынақ алаңындағы жүргізілген сынақтардың халықтың денсаулығына орасан зор зиян тигізгені негізделді. Жергілікті халықтың қаншалықты зардап шеккені туралы статистикалық мәліметтер нақтыланып, оның зардаптары анықталған.</p> <p>6. Қазақстанның қазіргі заман тарихы курсына оқытуда білім беру, жан-жақты дамыту және тәрбиелеудің бір тұтастығын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік нұсқаулар берілген. Өлкетану тарихын оқытуда Семей облысының әлеуметтік – экономикалық дамуы мен қалыптасу ерекшеліктері зерттеулер нәтижесінде</p>
--	--	--	---

			дәлелденіп ұсыныстар келтірілген. 7. Жұмыстың практикалық жағы тиісті санатта орынды тұжырымдалған және зерттеу құрылымы талаптар негізінде тиянақталған.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа;	Зерттеу жұмысы – PhD докторлық диссертация деңгейінде Қазақстан Республикасында ұсынылған алғашқы еңбек. Сондықтан жұмыста ұсынылып отырған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жартылай жаңа.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа;	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу жұмысында жасалған қорытындылар мен тұжырымдар алғашқылардың бірі болмасада, қазіргі күн тұрғысынан сәйкесінше толығымен жаңа болып табылады. Ізденуші зерттеу барысында соңғы кезге дейін ғылыми айналымға еңбеген архив қорларының деректері негізінде аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының мәні мен принциптеріне жан-жақты тарихи көзқарас тұрғысынан сипаттама берген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Толығымен жаңа және негізделген. Рецензияланған диссертация гуманитарлық ғылым бағытында

		1) толығымен жаңа;	дайындалғандықтан техникалық және технологиялық шешім қабылдауды мақсат етпейді.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге толықтай негізделген.</p> <p>1. Тақырыптың тарихнамасы мен зерттеудің деректік негіздері қамтылған алғашқы бөлімде теориялық-методологиялық мәселелері жеткілікті әрі дәйекті тұрғыда талданған.</p> <p>2. Семей облысының құрылу тарихы мен әлеуметтік-экономикалық даму бағытына негіз болған реформалар мен атқарылған жұмыстардың нәтижесі ресми құжаттар мен ғылыми ақпараттарға сүйене отырып, анықталып, сарапталғандықтан, ізденушінің жасаған қорытындысы ғылыми тұрғыдан негізделген.</p> <p>3. Жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыда ауқымды дәлелдемелерде, нақты статистикалық мәліметтер, облыстық, аудандық атқару органдарының жылдық есептік деректері, сонымен қатар сауалнама жүргізу арқылы алынған мәліметтерді талдай отырып</p>



			<p>негізделген.</p> <p>4.Тарих ғылымының теориялық-методологиялық қағидалары мен принциптеріне жүгіне отырып жасалған талдаудың нәтижесі, олардың шынайы түрде негізделгендігін көрсетеді.</p> <p>5. Зерттеу жұмысында Семей облысының 1937-1997 жылдары экономикада жүргізілген реформалар мен қайта құрулардың табыстары мен салдарларын Қазақстанның қазіргі заман тарихы пәні мазмұнында оқыту мақсатында жүргізген.</p> <p>6. Өлкетану тарихын оқыту әдістемесіне қатысты талдауда мектеп және жоғары оқу орындарындағы пәндер мен оқулықтар мазмұнына талдау жасай отырып, аймақ тарихын оқытудың ерекшеліктерін студенттерден сауалнама алып, олардың жауаптарын талдап, іріктеу негізінде жүзеге асыру жолдары айқындалған.</p>
--	--	--	---

7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді;</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия;</p>	<p>7.1. Жұмыстағы қағидаттар дәлелденген.</p> <p>7.2. Жұмыста келтірілген қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3. Ұсынылған қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4 Қағидаттарды қолдану деңгейі жоғары.</p> <p>7.5. Диссертация тақырыбы аясында 8 мақала жарияланған. Соның ішінде ҚР Білім және ғылыми саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 4 мақала. Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда 1 мақала, шетелдік ғылыми журналдар мен конференцияларда 3 мақала жарық көрген. Мақала мазмұны диссертация тақырыбына сәйкес. Мақалаларды қорғауға шығарылған қағидаттар дәлелдеген.</p>
8	Дәйектілік принципі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p>	<p>Зерттеу жұмысында әдіснама нақты жазылған. Диссертациялық жұмыста тақырыптың зерттелуіне орай осы кезеңге дейін жарияланған ғылыми зерттеулерге деректанулық ізденіс - зерттеулер жүргізілді және зерттеу нысанының шығармашылық мұрасына мәтіндік, тұжырымдық талдаулар жасалынды.</p>

		Зерттеу барысында кешенділік, жүйелілік, шынайылық, тарихилық, тарихи салыстырмалық қағидалары қолданылды.
Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.2 Диссертациялық жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. 1) ия;	Диссертация жұмысының нәтижелері заманауи әдістерді пайдалана отырып, алынған. Ғылыми зерттеу жұмысының ізденіс үрдісінде нақты пайымдалған қорытындыларының сенімділігі мен негізділігі ізденушінің теориялық және методологиялық тұжырымдарды дұрыс қолдана білуімен, қолданылған ғылыми әдістерінің дәйектілігімен, зерттеу міндеттеріне сай зерттеу әдістерін дұрыс таңдаумен, салыстырмалы талдаудың құндылығымен және оны жүйілі қорытындылай білуімен негізделген.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған	Теориялық және практикалық қорытындылар, маңызды мәліметтер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттер сілтемелерімен расталған.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 296 әдеби шолуға толықтай жеткілікті. Зерттеу жұмысының тақырыбына байланысты қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі еңбектер қамтылған.

9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия;	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Бүгінде қайта құрылған Абай облысының әлеуметтік-экономикалық саласында тың өзгерістер жасау үшін өткен тарихи кезеңнің тәжірибелерін қолданысқа енгізуде маңызы бар - деп санаймыз.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия;	Диссертацияның практикалық маңызы мен алынған нәтижелерін практикада қолдануға мүмкіндігі бар. Сонымен қатар «Қазақстанның қазіргі заман» тарихи курсының дәріс, семинар, СӨЖ тапсырмаларына және № 17 жалпы орта білім беретін КММ өлкетану пәнінің мазмұнына тақырып ретінде енгізген.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа;	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі осы уақытқа дейін Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы Өлкетану курсына оқыту әдістемесі кешенді түрде зерттелмеген.
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;	Жазу мен рәсімдеу сапасы, соның ішінде академиялық жазу тұрғысынан жоғары.

Докторант Байгапанова Айгуль Болатовнаның (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі 1939-1997жж» тақырыбына дайындалған диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны камтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру қағидаларының» 2- тарауында көрсетілген диссертациялық талаптарға толығымен сәйкес келеді деп есептеймін. Сол себепті, докторант Байгапанова Айгуль Болатовнаның «6D011400-Тарих», философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы шешімді толық қолдаймын.

**Рецензент:**

Қазақстан Республикасының  
Ғылым және жоғары білім министрлігінің  
Мемлекет тарихы институтының  
бөлім басшысы, тарих ғылымдарының  
докторы



Карасаев Гани Мұқашұлы